


ҚАЛАЛАР МЕН ӨҢІРЛЕР

1. Мына суретте берілген Х.Колумбтың ескерткіші қай қалада қойылған?
А) Севилья В) Барселона С) Лиссабон



2. Мадрид қаласының рәміздерінің бірі.
А) пальма В) құлпынай ағашы
С) таңқурай бұтасы




3. Мына суреттегі алғаш жерлерді ашқандарға арналған ескерткіш қай қалада орнатылған?
А) Севилья В) Кадис С) Лиссабон



4. Мына суреттегі қалада мешіттің ортасына католик шіркеуі салынған. Осы қаланы көрсет.
А) Барселона
В) Кордова
С) Сантьяго-да-Компостела



5. Мына суреттегі қалада Гуэля саябағы бар, ондағы құрастырмалы өрнекті айдаһар саябақтың символы болып табылады. Бұл қай қала?
А) Барселона В) Леон С) Мадрид



6. Биосфералық қорықтың бір бөлігі болып табылатын Тиманфайя ұлттық саябағы қандай аралда орналасқан?
А) Лансароте В) Мадейра С) Мальорка

7. Гибралтар бұғазының атауы қандай есімнен шыққан?
А) Геракл В) Гасдрубал С) Тарик ибн Зияд

8. Қазіргі қандай қала Испаниядағы карфаген иеліктерінің орталығы болды?
А) Кадис В) Барселона С) Картахена

9. Испаниядағы қай облыстың атауының шығу тегі германдық вандалдар тайпасымен байланысты?
А) Астурия В) Галисия С) Андалусия

10. Альгамбра архитектуралық-саябақтық ансамбліндегі қай сарай-да Сталактиттер залы, Екі әпке залы мен Тор ауласы бар?
А) Арыстандар сарайы В) Ү Карлдың сарайы
С) Комарес сарайы



11. Аты аңызға айналған Сидтің денесі қай қалада жерленген?
А) Авила В) Паленсия С) Бургос

12. Мына суреттегі қалада сегіз қақпалы қорған қабырғалары әлі де сақталған және олардың ішінде Бисагр қақпасы бар. Бұл қай қалада?
А) Авила В) Жирона С) Толедо

13. Мына суреттегі қалада XX ғасырдың басында А.Гауди сәндік және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген кафедралды собор бар. Бұл қай қала?

А) Пальма-де-Мальорка
В) Барселона С) Леон

14. Мына суреттегі қалада испандық примастың кафедрасы орналасқан Әулие Мария соборы бар. Қаланы ата?
А) Толедо
В) Барселона
С) Валенсия



15. Мына суреттегі кешеннің бір корпусын сәулетші С. Калатрава ашық тұрған алып көз түрінде жобалаған. Бұл қандай кешен?
А) Өнер мен ғылым қаласы
В) Авентура порты
С) Рио Сафари



ӨНЕР

16. 1879 жылы тас ғасырында салынған тастағы суреттер табылған үңгір қалай аталады?
А) Алькасар В) Альгамбра С) Альтамира

17. Л.Камозенстің «Лузиадалар» шығармасында өзін Үндістанның әміршісі деп санаған антикалық құдай.
А) Вахх В) Марс С) Юпитер

18. Мына суретте берілген Теруэльдегі Құтқарушы мұнарасы сәулет өнерінің қандай стилінде салынған?
А) Мануэлино В) Дисорнаменто
С) Мудехар



19. Мына суреттің авторы испандық сурет өнеріндегі ұлы шеберлердің бірі, Крит аралында туған. Бұл кім?
А) Ф.Рибальта В) Эль Греко
С) Ф.Сурбаран



20. Л.Камозенстің «Лузиадалар» шығармасында Васко да Гама Африка жағалауларынан күтіп алған жергілікті теңізшілердің үстінде қандай киім болды?
А) темір сауыт В) зығырдан тігілген киім (гиматия)
С) мақтадан тігілген киім (хламида)

21. Өз шығармасында Үндістан жағалауларына жүзіп келу туралы сипаттаған ұлы ақын кім?
А) М.Сервантес В) Лопе де Вега С) Л.Камозен

22. М.Сервантестің новелласындағы Бергансаның айтуы бойынша, ғайыптан танып саналы бола қалатындай кез келсе, ит неден кейін бірінші орында екен?
А) маймылдан В) жылқыдан С) пілден

23. М.Сервантестің новелласындағы Сипионның айтуы бойынша, Севильдегі көпестер байлықтары мен сән-салтанаттарын кім арқылы көрсетеді?
А) өз балалары В) әйелі С) ата-анасы

24. Жанры жағынан опереттаға ұқсайтын испандық дәстүрлі қойылым қалай аталады?
А) Сарсуэла В) Фламенко
С) Фаду



25. Мына суреттегі жас Мария қыз бейнесінде автор өзінің қызын салған деп айтылады. Осы автор кім?
А) Б.Э.Мурильо В) Д.Веласкес
С) Ф.Сурбаран

26. Ренасимьенто деген не?
А) ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы испан мәдениетіндегі Қайта өрлеу дәуірі
В) барокко дәуіріндегі испандық стильдердің бірі
С) ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысында ұлттық жаңғырту үшін күрескен қозғалыс

27. Мадридтегі П.Пикассоның «Герника» суреті орналасқан көркемсурет мұражайы.
А) Прадо мұражайы
В) Корольдік өнер академиясының мұражайы
С) Королева Софияның өнер орталығы



28. Мына суреттің авторы керамикалық өнерге жататын 2 000 туынды жасаған. Бұл кім?
А) Ф.Гойя В) С.Дали С) П.Пикассо

29. М. де Фальяның қай шығармасында бір мезгілде екі бөлімі қатар сахнаға шығарылады?
А) «Қылжақпас маэстро Педро»
В) «Қысқа өмір»
С) «Махаббат-сиқыршы»



30. Мына суреттегі испан гитарисінің портретінің авторы француздың импрессионист суретшісі.
А) Э.Дега В) Э.Мане С) О.Ренуар

ТАРИХ

31. Мұсылмандық Испанияда маврлардың қол астындағы христиандарды қалай атаған?
А) мудехарлар В) мосарабтар С) морискалар

32. 1134 жылы тәуелсіздігін қайта алған Памплондық корольдік қалай атала бастады?
А) Арагон корольдігі В) Наварра корольдігі
С) Кастилия корольдігі

33. Б.з.д. III ғасырда Пиреней жартылай аралын басып алуды бастаған карфагендік қолбасшы кім?
А) Гамилькар Барка В) Гасдрубал Барка С) Ганнибал

34. Мына суреттегі монастыр XII ғасырда қай жердің испан орденінің батырларына сыйға тартылған.
А) Сантьяго В) Калатравы
С) Алькантара



35. Реконкиста қандай қаланы басып алумен аяқталды?
А) Леон В) Толедо С) Гранада



36. 1492 жылы 2 қаңтарда не болды?

- A) Реконкиста аяқталды
B) X. Колумбтың алғашқы саяхаты басталды
C) инквизиция құрылды

37. Америкада бой көтерген әрбір испандық қалада ең алдымен салынған құрылыс нысаны.

- A) қамал B) собор C) губернатордың сарайы

38. Испандық «Жеңімпаз армаданы» күйреткен Гравелин шайқасы қай бұғазда болды?

- A) Гибралтар B) Итака C) Ла-Манш

39. Португалия королі I Себастьян 1578 жылы кресшілер жорығын жасаған ел.

- A) Палестина B) Марокко C) Тунис

40. XVIII ғасырдың басында герцог Бекингем мен ханзада Уэльский Испанияға не үшін барды?

- A) инфантамен некелесу туралы келіссөз жүргізу үшін
B) III Филиппке төж кигізу рәсіміне қатысу үшін
C) католик дінін қабылдау үшін

41. 1640 жылы Испания королінің билігіне қарсы қай елдер бас көтерді?

- A) Португалия мен Каталония B) Португалия мен Андалусия
C) Каталония мен Валенсия

42. Француз басқыншыларынан қорғану мақсатында, 1686 жылы құрылған Испания мен басқа да еуропа мемлекеттерінің одағы қалай аталды?

- A) Қасиетті одақ B) Аугсбург лигасы
C) Үш императордың одағы

43. Кастилия тарихында, сондай-ақ бар Испания тарихында ең ұзақ билік құрған король.

- A) III Санчо B) VIII Альфонсо C) I Энрике

44. Өз өмірбаянын жазған испан королі кім?

- A) Ұлы II Педро B) Жаулаушы I Хайме
C) Қайырымды III Альфонсо

45. Испаниядағы қазіргі университеттердің ішіндегі ең көнесі қай қалада ашылған?

- A) Саламанка B) Паленсия C) Вальядолид

КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТ

46. Мына суретте берілген Барселониядағы сарайда таң қалдыратын табиғи жарық беру жүйесі бар залды тамашалай аласың. Бұл қай сарайда?

- A) Монклоа сарайы
B) Каталондық музыка сарайы



C) Сан-Тельмо сарайы

47. Қазіргі заманғы португалдық тоураданың испандық корридаға қарағанда айырмашылығы неде?

- A) оған тура алты бұқа қатысады
B) бұқаларға қарсы тек салт аттылар ғана шайқасады

C) ойын барысында бұқаны өлтірмейді

48. Мына суретте берілген әулиелердің мүсіні 1723 жылы Испаниядағы Пуэнте-де-Толедо көпірінің ортасына қойылған. Осы әулиелерді ата.

- A) Әулие Лаврентий мен Карфагендік Перпетуя
B) Әулие Исидор мен Мария Торрибиа
C) Апостол Үлкен Иаков пен Кордовалық Виктория



49. Хота биі Испанияның қай аймағында шыққан?

- A) Каталония B) Арагон C) Кастилия мен Леон

50. Испанияда пайда болған және корриданың элементтерін бейнелейтін балдық би.

- A) самба B) сальса C) пасодобль

51. Малага қаласындағы Буэнависта сарайында орналасқан мұражай қандай суретшінің шығармашылығына арналған? Онда осы суретшінің 200-ден астам жұмысы қойылған.

- A) П. Пикассо B) Эль Греко C) С. Дали

52. «Ұрыс-керіс кварталы» Испанияның қай қаласында бар?

- A) Севилья B) Барселона C) Гранада

53. Испандық виуэла музыкалық аспаптардың қай тобына жатады?

- A) ұрмалы B) үрмелі C) шекті

54. ЮНЕСКО қорғайтын нысандар тізіміне енетін ортағасырлық жол Франциядан қай қалаға апарады?

- A) Мадрид B) Севилья C) Сантьяго-де-Компостела

55. Малагадағы Конде-дель-Гвадалорсе бөгетінің құрылысшыларына арнап салынған таудағы жол қалай аталады?

- A) Әулие Иаков жолы B) Королдік соқпақ C) Гуадаррама туннелі

56. Андорра княздығының билеушілері қай елдердің өкілдері болып табылады?

- A) Франция мен Испания B) Испания мен Португалия
C) Франция мен Ватикан

57. Еуропада испандық плащті қалай атайды?

- A) альмавива B) фигаро C) боливар

58. Бұқалардан қашу – ұлттық испан дәстүрі қалай аталады?

- A) коррида B) энсьерро C) тоурада


59. Мына суреттегі француз сәулетшісі Ж. Нувельдің ғимараты Барселонадағы сәулет өнері символдарының біріне айналған. Ол қандай ғимарат?

- A) Агбар мұнарасы
B) Кольсерола мұнарасы
C) Венециялық мұнара



60. Мына суреттегі көп қабатты биік ғимараттың биіктігі 157 метр, 2007 жылға дейін Мадридтегі ең биік ғимарат болатын. Осы ғимаратты тап.

- A) Каха Мадрид мұнарасы
B) Еуропа мұнарасы
C) Пикассо мұнарасы



РЕСЕЙ БІЛІМ БЕРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
СОЛТҮСТІК-БАТЫС БӨЛІМШЕСІ
НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
«НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШҚ

ӘЛЕМДІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ БОЙЫНША
ОЙЫН САЙЫСЫ

АЛТЫН ЖЕАБАҒЫ



5-6 СЫНЫПТАР

IBERIA PAENINSULA:

«ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ ДАЛАЛАРДАН ШЕКСІЗ
ТЕҢІЗДЕРГЕ ДЕЙІН»

21-24 АҚПАН 2014

Сайыс Пиреней жартылай аралын қоныстанған халықтардың тарихы мен мәдениетіне арналады.

Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет. Жауаптар бланкін толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Қандай да бір түзетулер немесе бұлдіріп алулар ақпаратты қате тануға әкеліп соқтырады.

Толтырылған жауап парағын сайысты ұйымдастырушыға дүйсенбі 2014 жылғы 24 ақпанда тапсыру қажет. Дұрыс жауаптары 2014 жылдың наурыз айында www.runodog.ru сайтында жарияланады.

Сәттілік тілейміз!